

# Ерейментау

## Ақпарат

№ 22 (122)  
16 маусым  
2022 жыл



АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

### 19 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ ҚҰТТЫҚТАУ

#### ҚҰРМЕТТІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Әлемдегі ең құрметті мамандықтардың бірі – дәрігер. Біздер оларды әрқашанда «адам жанының арашашысы», «ақ халатты абзал жандар» деп құрметпен атаймыз. Шындығында да адам өмірі қашанда медицинаға, шипагерлердің кәсіби шеберліктеріне тәуелді. Денсаулығымыздан кінәрат табылғанда, біздер дереу ақ халатты жандарға жүгінеміз, солардан көмек сұраймыз. Өздерінің кәсіби антына адал медицина қызметкерлері әрдайым көмек қолын созуға дайын тұрады.

Мен осы бір атаулы күні аудандағы медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтап, олардың елшеусіз еңбектеріне табыс тілеймін.

Сіздер аудан орталығында және ауылдық округтерде тұрғындардың денсаулығы үшін жанқиярлықпен еңбек етіп жатырсыздар. Ауданымыздағы халықтың саулығы, жас сәбилердің сау-саламат дүниеге келіп, өсіп-жетілуіне, қарияларымыздың қатарда жүруіне сіздердің қосатын үлестеріңіз ұшан-теңіз.

Халықтың денсаулығы елдің жақсы дамуының, оның әл-ауқатының басты шарттарының бірі болып табылады. Сіздер, ақ халатты абзал жандар, кәсіби парызыңызды абыроймен атқарып келесіздер.

Өткен екі-үш жылдағы пандемияның кезінде де сіздер медиктердің шын мәнінде кімдер екенін таныта білдіңіздер. Сондақтан ауданымыздағы әрбір тұрғын сіздерге разы деп білем.

Мен бүгін аймағымыздағы барлық медицина қызметкерлерін өз атымнан және тұрғындардың атынан қуана құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға береке-бақыт тілеймін!

Құрметпен Ерейментау ауданының әкімі Абай ӘЛЖАНОВ



### Құрметті денсаулық сақтау саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Медицина қызметкерлері күнімен құттықтаймын!

Сіздер өз кәсіптеріңізді аса жауапкершілікпен атқарып, қашанда халық денсаулығының күзетінде тұрсыздар. Бұл үлкен күш-қуатты, жігерді, шыдамдылықты қажет ететін мамандық. Әрқашанда ауырған-сырқаған адамдардың қасынан табыласыздар, дертіне шипа бересіздер.

Осы бір кәсіби мерекелеріңіздің қарсаңында мен сіздерді құттықтай отырып, денсаулық, бақыт, амандық және жаңа жетістіктер тілеймін!

М. ӘБЖІКОВ, Ерейментау аудандық мәслихатының хатшысы



## Ауыл тұрғындарының денсаулығына жауаптымыз

Жыл сайын жаз айында келетін дәстүрлі мерекелердің бірі – денсаулық сақтау мамандарының күні. Көпке белгілі, қай ел, қай мемлекетте болмасын, медицина, яғни адам денсаулығын сақтау – қашанда басты назарда.

Жас демей, кәрі демей, ұлты мен ұлысына қарамай, адамдардың бәріне бірдей қолұшын созатын ақ халатты абзал жандар кез келген қоғамның ең құрметті адамдары.

Сырқатқа ота жасап, өмір мен өлімнің арасында жатқан жандарды аман сақтап қалатын дәрігерлер. Жедел жәрдеммен үйіңізге келп, хал-ахуалыңызды білетін де осы медицина мамандары. Кез келген адам, мейлі ол мемлекет басшысы болсын немесе қарапайым қатардағы адам болсын, медицинаға тәуелді. Сондықтан дәрігерлер кез келген қоғамның ең керекті адамы екені айтпаса да белгілі.

Біздер медицина мамандарының мерекесі қарсаңында ауданымыздағы Новомарковка ауылдық округінің амбулаториясына ат басын бұрып, аталмыш мекеменің меңгерушісі Ғайша Моладағлықызымен азғана сұхбат құрған едік.



-Біздің амбулатория - Новомарковка, Кеңеткел, Ақмырза, Жолбасшы секілді төрт елді мекенге медициналық қызмет көрсетеді. Жалпы осы ауылдарда ауыл шаруашылығы құрылымдары, екі орта мектеп, балабақша, дүкендер, басқадай нысандар жұмыс істейді. Аталған төрт ауылда 1326 халық бар. Олардың ішінде 18 жасқа дейінгілер – 77 адам. 14 жасқа дейінгілер – 61 адам. Бір жасқа дейінгі сәбилер – 36 болса, жасөспірімдер – 83 адам. Осы тұрғындардың барлығының денсаулығы біздің назарамызда. Аталған ауылдар бойынша арнайы жасалған жоспармен жұмыс жүргіземіз. Егде жастағыларды емдеу-профилактикалық жұмыстары, бала туғанға дейінгі, туғаннан кейінгі патронаж, тұрғындарды

диспансерлеу, егу, скрининг өткізу т.б. ағымдағы міндеттер уақытында орындалады, - дейді Ғайша Молдағалиқызы.

Новомарковкадағы дәрігерлік амбулатория бір қабатты ғимаратта орналасқан. 2017 жылы күрделі жөндеуден өткен. Жағдайының жақсы екені байқалып тұр. Ғимарат орталық су жүйесіне жалғанғанмен, жылу беру өздерінен екенін білдік. Амбулатория ғимаратында жабдықталған арнайы 10 кабинет жұмыс істеп тұр. Ақмырза ауылында арнайы медициналық пункт бар екен, ол «Серноводск» серіктестігінің ғимаратында орналасқан дейді бізге ақпарат берушілер. Бүгінде Новомарковкада - 1 жоғары білімді дәрігер, 5 орта білімді маман-медбикелер, 1 лаборант, мектептерде - 2 медбике, 1 санитар еңбек етіп жатыр екен. Дәрігерлерге қызмет көрсететін бір УАЗ көлігі де бар. Біздер арнайы барғасын, осы медициналық мекемедегі ең жас және жоғары білімді маман-дәрігер Еркегүл Мәдениетпен шамалы сұхбат құрған едік.

-Мен негізі осы ауданның тумасымын, Өлеңті ауылынанмын, - дейді Еркегүл. -Қарағанды медициналық университетін 2021 жылы жалпы тәжірибе мамандығы бойынша бітіргем. Қазір бір жылға жуық осы жерде қызмет етіп жатырмын.

-Арнайы жолдамамен келіп пе едіңіз?

-Жоқ. Өз қалауым бойынша келгем.

-Жұмыс барасында қиындықтар болып тұратын шығар

-Әрине, халықпен жұмыс істеу қашанда оңай болмайды ғой. Үлкенді-кішілі сырқаттар келеді. Әр ұлт өкілдері бар. Барлығының көңіл күйлерін тап басып, шамамыз келгенше көмектесеміз. Себебі, ауыл адамдарының денсаулығына тікелей жауаптымыз ғой

-Отбасыңыз жайлы айтап өтсеңіз...

-Жұбайым дәрігер емес, басқа саланың маманы. Екі кішкентайымыз бар. Ел қатарлы тірлік жасап жатырмыз.

-Дұрыс екен, еңбегіңізге табыс тілейміз. Осы жерден үлкен тәжірибе жинап, халық құрметіне бөленетін маман болуыңызға тілектеспіз, - деген сөзбен біздер қош айтыстық



Суретте: жас дәрігер Еркегүл Мәдениет

Ерейментау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ерейментау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау аудандық мәслихаты сессиясының хатшысы М.Е. Әбжіков

Ерейментау аудандық мәслихатының

2022 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

шешіміне қосымша

## Ерейментау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Нормасы жылына 1 есептік бірлік куб метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,095
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,115
2	Жатақханалар ,интернаттар,балалар үйлері, қрттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,37
3	Қонақ үйлер,санаторийлер,демаласы үйлері	1 орын	0,82
4	Балабақшалар ,бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,31
5	Мекеиертер,ұйымдар,офистер,кеңселер,банктер,байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,65
6	Емханалар ,медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0016
7	Ауруналар,өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,30
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,11
9	Мейрамханалар Здәмханалар,қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыртын орын	0,45
10	Театрлар,кинотеатрлар,концерт залдары,түнгі клубтар,ойынханалар,ойын автоматтарының залы,интернет-кафелер,компьютерлік клубтар	1 отыртын орын	0,06
11	Мұражайлар,көрметлер	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,05
12	Стадиондар,спорт аландары	Жоба бойынша 1 орын	0,04
13	Спорттық,би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,05
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері ,аралас дүкендер	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,05
15	Базарлар,сауда павильондары ,дүңгіршектер,сөрелер	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,10
16	Вокзалдар,автовокзалдар,әуежайлар	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,20
17	Жағажайлар,жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,07
18	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,05
19	Автотұрақтар,автомобильді жуу орындары,АЖС	1 машина-орын	2,60
20	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,21
21	Шаштараздар,косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,78
22	Кір жуатын орындар,химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары,тігін ательесі	Жалпы олаңы 1м <sup>2</sup>	0,03
23	Зергерлік,аяқ киімді,сағаттарды жөндеу еберханалары	Жалпы олаңы 1м <sup>2</sup>	0,06
24	Жөндеу және қызмет көпсету орындары (кіттер жасау және ол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,63
25	Моншалар,сауналар	Жалпы олаңы 1м <sup>2</sup>	0,07

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ КОНКУРС!

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша байқау туралы» Жарлығын орындау бойынша жұмыстар жалғасуда, Негізгі ерекшелігі елімізде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін, мемлекеттің дамуына және қазақстандықтардың әл-ауқатын күшейтуге бизнес-құрылымдардың үлесін көпшілікке тарату болып табылады.

«Парыз» байқауы келесі санатта өткізілетін болады: шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі, ірі кәсіпкерлік субъектісі, сонымен бірге төрт номинациядан:

1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»

Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекақыны және әлеуметтік төлемдерді төлеуді, кадрларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды барынша көп мөлшерде жұмысқа орналастыру және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады;

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын»

Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға

мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады;

3) «Үздік ұжымдық шарт»

Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады;

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін»

Бұл номинацияда қоршаған ортаның, қалдықтарды кәдеге жарату мен қайта өңдеудің жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын, іс-шараларын және жобаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Құрметті кәсіпорындар басшылары, Сіздерді «Парыз» байқауына қатысуға шақырамыз.

«Парыз» байқауына қатысу үшін өтінімді 2021 жылдың 1 шілдесіне дейін «Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ұсынуды сұраймыз.

Анықтамалар бойынша Құнанбаев көшесі 103, «Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ хабарласуға болады, тел. 21898.

## 2022 ЖЫЛДЫҢ 26 МАУСЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫ, АҚСУАТ АУЫЛЫ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАР ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2022 жылғы 14 маусымда Ақсуат ауылының әкіміне төрт кандидатты тіркеді.

- Алдангуров Ерлан Камиденович - 06.05.1967 жылы туған, «Ажар» ӘКК төрағасы, Ақмола облысы Ерейментау ауданы Ақсуат ауылы (өзін-өзі ұсынған);

- Идрисова Жібек Қалымбекқызы - 15.11.1965 жылы туған, Ерейментау ауданы «Ақсуат ауылы әкімінің аппараты» ММ, бас маман, Ақмола облысы Ерейментау ауданы Ақсуат ауылы (өзін-өзі ұсынған);

- Қыздарбеков Ерғанат Болатбекұлы - 03.02.1987 жылы туған, Ерейментау ауданы «Ақсуат ауылы әкімінің аппараты» ММ, әкім, Ақмола облысы Ерейментау ауданы Ақсуат ауылы (өзін-өзі ұсынған);

- Маженов Ербол Матаевич - 30.01.1975 жылы туған, «811 КИ автожөндеу зауыты» АҚ техникалық бақылау бөлімінің бастығы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы (өзін-өзі ұсынған).

Отырыс барысында Ақсуат ауылының әкімдігіне үміткерлерге куәліктер табыс етілді.

Ерейментау ауданы Ақсуат ауылы әкіміне тіркелген барлық кандидаттардың сайлау алдындағы үгітті жүргізуге құқығы бар, ол кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады

2022 жылғы 15 маусымда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ден кейін басталады және 2022 жылғы 25 маусымда жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы №12/202 «Бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу үшін кандидаттарға қаражат бөлу қағидалары мен көлемдерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, барлық кандидаттарға заңнамада үгіт жұмысын жүргізу үшін тең жағдайларда кепілдік беріледі.

Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

# АРҚАНЫҢ АҚИЫҚ ЖЫРАУЫ

Мың өліп, мың тірілген қазақ халқының пешенесіне жазылған тағдыр тауқыметінің аз болмағаны баршаға аян. Өйтсе де тарихи кезең өмірге өзінің адал перзенттерін әкеліп, сол адал ұлдар мен жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалды. Батыры халыққа қамал қорған болса, ақыны жалынды жырларымен елдің рухын көтеріп, жанына жігер құйды.

Қанжығылы қарт Бөгенбайдың қасында болып, бостандық үшін ақтық айқасқа шыққан халыққа отты жырларымен дем берген Үмбетей бабамыздың есімі дәл осы тұста ерекше аталып, аруағына құрмет көрсетілуі қажет-ақ.

Осындай ізгі ниетпен Үмбетей жырау хақындағы мақаланы оқырмандар назарына ұсынуда жөн көрдік.

Иә, халқымыз өз тарихында қилы-қилы заманды бастан өткерді. XVIII ғасырдың 20-30 жылдары «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен ел есінде мәңгілік қалды. Жоңғар басқыншылығынан елді азат ету жолында күреске шыққан халықты жалынды жырларымен жігерлендірген жыраулардың бірі - Үмбетей Тілеуұлы болды. Оның жырлары, толғаулары мен дастандары жортуыл үстінде, басқыншылармен қанды қақтығыс кезінде туған, елдік пен ерлікті асқақтата жыр еткен туындылар. Қанжығалы қарт Бөгенбайдың қасында жүріп, халықты ерлік істерге шақырған жыраудың ауызынан шыққан жалынды жырлар күрескер халықтың ұранына айналып отырған. От ауызды, орақ тілді жырау өз жырларында ел қорғаған батырларды мадақтап, солардан өнеге алуды дәріптейді, халықты отаншылдыққа баулиды.



Жыраудың өмірбаяны жайындағы деректерге сүйенсек, Үмбетей Тілеуұлы 1697 жылдар шамасында осы еліміздің Ерейментау өңірінде дүниеге келген. Әкесі Тілеу қаһармандық жырларды, көне аңыздарды, шешендік сөздер мен қиссаларды жақсы білетін шежіре, сонымен қатар халықтың музыка өнерінен көп хабары бар шебер қобызшы, ел ішінде абыз атанған адам екен. Үмбетейдің өмірдегі, өнердегі мектебі - өз әкесі, дәріс алған ұстаздары сол кездегі әкесі тәрізді көнекөз қарттар. Ақындық қабілеті ерте байқалған Үмбетей ауыл арасында ғана емес, жалпы жұртқа да өзіндік ерекшелігімен өте тез танылады. Жоңғар шапқыншылығы кезінде ат жалын тартып мініп, найзасы мен жалынды жырларын жауына қатар сермеген Үмбетей жырау халқының құрметіне бөленеді. Сыртқы жаулармен күресте аты шыққан батырларды мадақтау оның өзекті тақырыбына айналады.

Үмбетей (1697-1786) - Бұқар жыраудың әрі замандасы, әрі тілектес-ниеттес жақын досы болған адам, XVIII ғасырдағы ең атақты, ірі жыраулардың бірі. Ол өзі көрген, басынан кешкен тарихи оқиғаларды жеріне жеткізе шыншылдықпен жырлайды. Оның бұл қасиетін Бөгенбай батырды жоқтауынан және оның дүниеден өткенін Абылайға естіртуінен айқын аңғарамыз. Үмбетейдің жыраулық, ақындық өнерінің ерекше қасиеттерін Шәкәрім Құдайбердіұлы шеберлікпен суреттейді. Қарабұжыр қанжығалы Үмбетей жырауды Мағжан Жұмабаев та ерекше мадақтап:

Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр,

Айттайын өрлеп барып аспанға сыр, - дейді өзінің «Батыр Баян» дастанында. Осындағы Қарабұжыр - Үмбетей жыраудың лақап аты.

Жырау өз замандасы Бұқар Қалқаманұлына арнаған толғауында:

Өткіздің тоғыз ханды толғауменен,

Шештің талай түйінді болжаумен.

Іс болса қиын-қыстау сен сөйлеттің,

Қылыш қып қызыл тілді қорғауменен.

Сұрағанмен берместі,

Жылағанмен келместі,

Айттым сәлем еліңнен,

Сарыарқадай жеріңнен,

Жатсаң да шірмейтін,

Асыл тасым-дейді тебіреніп.

Үмбетей жырау «өткіздің тоғыз ханды толғауменен» десе, бұл тарихи шындық. Бұқар Өз Тәуекенден бастап, одан кейінгі қазақ хандары: Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшік, Әбілхайыр, Барақ, Абылайдың ақылшысы, кемеңгер биі болған.

Шешендік сөздің салмағын білетін қас жырау қара қылды қақ жара отырып, қаһарлы қылыш ала алмаған қамалды қанатты сөзбен алуға болатындығын дәлелдейді. Сөйтіп, Қаз дауысты Қазыбектің ұлы Бекболат би мен Абылай

ханды бір ауыз сөзбен тоқтатып, ел бірлігін сақтап қалады.

Қай уақытта да Үмбетей жыраудың есімі қанжығалы қарт Бөгенбаймен қатар аталады. Арнау жырларымен аты шыққан Үмбетей жырларының дені толғау. Бөгенбай батырдың 1708 жылы 30 мың қолды бастап, қазақ елінің бөрекесін алып, құтын қашырған қазақ-орыстарды талқандап, Еділден әрі асырып тастағанын: Балдырғаны білектей,

Бүлдіргені бүйректтей.

Бөденесі үйректтей,

Шортаны тайдай тулаған.

Бақасы қойдай шулаған,

Ұзыны шексіз, ені алыс

Еділден өттің Бөгенбай, - деп жырлайды

Қарақұм құрылтайында қазақ жүздерінің күш біріктіруі арқасында Бөгенбай бастаған халық жасағының 1711 жылы жоңғарлармен соғыста үлкен жеңіске жетуі де Үмбетей жырларына арқау болады. Бұдан кейін жоңғарлар 1723 жылғы дейін бас көтере қоймады. Есін жиып алған соң, араға он үш жыл салып, бейқам жатқан қазақ еліне тұтқиылдан шабуыл жасайды. Орта жүздің Торғай, Есіл, Тобыл өзендерін бойлай, Қаратау бекеттерінен жайлауға көшкен сәтін пайдаланып, найман, керей, үйсін, шапырашты руларының жерлерін басып алып, осында қалған жұртты бастырып жібереді. Оның үстіне Кіші жүзге, Еділ бойына Аюке хан бастаған қалмақтар шабуыл жасайды. Бірден екі жақты қыспаққа түсін, барар жер, басар тауы қалмаған ел «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшырайды. «Орманнан көп орта жүзден» Бөгенбай жасақ жиып, Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында жауды ойсырата жеңеді. Бұл жер кейіннен «Қалмақ қырған» деп аталады. Осы соғыс жорықтарына Үмбетей жырау бастан-аяқ қатысып, батырлардың ерлігін жырларына арқау етеді. Жоңғарлар 1733 жылы Уса-Серен бастаған қалың қолды қазақ жеріне аттандырады. Олар Қара Ертіс арқылы Зайсанға келіп, одан Аяғөз, Қарқаралы, Баянауыл тауларын бойлап, Ерейментауға жетеді. Орта жүз қолы Мұзбел тауына жиналады. Екі жақ Өлеңті өзені мен Кәрітау аралығындағы жалпақ аңғарда кездеседі. Шығыс дәстүрі бойынша жекпе-жек басталып, екі рет қалмақ батырларының күші асып, қазақтардың сағы сынады. Осы сәтте Аңырақай соғысынан бері Бөгенбайдың қасында болған Сабалақ жекпе-жекке шығып, Галдан Цереннің үлкен баласы Сары-Манжа (Шарыш) ажал құшады. Жауға «Абылайлап» ат қойған Сабалақ өзінің шын аты Әбілмансұр (Абылай) екенін мойындайды.

Жиырмаға жасың толғанда,

Қалмақпен соғыс болғанда.

Алғашқы бақты тапқанда,

Шарыштың басын қаққанда.

Қанжығаңа бас байлап,

Жау қашты деп айқайлап

Абылайлап шапқанда,

Ұмыттың ба соны, Абылай, - деп жырлайды осы тұста

Үмбетей

Жорықтан жеңіспен оралған жауынгерлерді Орта жүз елі қуанышпен қарсы алады. Баянауылдағы Сабындыкөл басында отырған Қанжығалы ауылының иелері Абыз бен Шомақ 90 ту бие сойып, жеңіс тойын өткізді. Тойға жиналған жұрт Әбілмансұрды атасының атымен Абылай деп атауға, ал келесі 1734 барыс жылы хан көтеруге сөз байласып тарасады.

Абылай хан тапсырмасымен Бөгенбай батырдың жанында болған Үмбетей жырау 1761 жылы Абылайдың Әділ деген баласына еріп Қытаймен келесім жасауға барады. Сөйтіп, Қазақ елімен Қытай арасында бейбітшілікті нығайтуға үлес қосады.

Үмбетейдің Бөгенбайға арнаған екі ұзақ жыры бар. Оның бірі - Бөгенбайды жоқтау да, екіншісі - Бөгенбай өлімін Абылай ханға естіртуі.

Бөгенбай жоңғарларға қарсы күрестің бас қаһарманы, әулетті батыр, атақты қолбасшы. Ел үшін жасаған еңбегі үшін халық жүрегінен орын алған адал ұлдардың бірі. Міне, осы өзі әкесі «Алатаудай Ақша батырдан асып туған» Бөгенбай бейнесін Үмбетей жырау өз жырларында шеберлікпен сомдай білген.

Баянаула, Қызылтау,

Абыралы, Шыңғыстау.

Қозы-Маңырақ, Қой-Маңырақ,

Арасы толған көп қалмақ.

Қалмақты қуып қашырдың,

Қара Ертістен өткізіп,

Алтай тауға асырдың, - дейді батырдың өрлігін дәріптеп.

Бөгенбай батырдың қазасың естіртуінен де оның жұрттан асқан шеберлігін байқамыз. Бұрын қазаны естіртудің өзі өнер болғаны мәлім. Өдетте, естіртуші қайғылы хабарды бірден тоқ еткізіп айтып салмай, айтар ойын алыстан орағытып бастайды. Алдымен тұспалдап сөйлеп, қара жамылуға тиіс адамды ауыр хабарға дайындап алады.

Үмбетей де ескі салтты бұзбайды. Жырау алдымен Абылайдың өз басынан, халық басынан өткен ауыр күндердің жайын толғайды. Бұдан соң жырау дүниенің аумалы-төкпелі екенін, қазасың пенде жоқ екенін еске салады. Өйтседе өлімнің артынан тағы да қуаныш болатынын, бір батыр өлсе, оның орнына тағы бір батыр туатындығын айтады. Сөйтіп, Үмбетей өзінің қаралы хабаршы екендігін, атақты батырлардың бірі дүниеден көшкенін естірту үшін келгендігін жеткізеді.

...Жасыңда болған сырласың,

Үлкенде болса құрдасың.

Сексеннен аса бергенде,

Қайырылмас қаза келгенде.

Батырың өтті Бөгенбай! - дейді

(басы 3 бетте)

XVIII ғасырдағы қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Үмбетей жыраудың бізге жеткен қиссаларының көрнектісі - «Жантай батыр».

Бапан би Тұраналыұлы бірде Ерейменнің көрікті жері Күншалған баурайында отырған Үмбетей жырауға сәлем бере барады.

-Уа, ата, ұзақ жасап көпті көрдіңіз. Менің ұлы атам қарт Бөгенбай батырдың серігі, Абылай ханның жырауы болған екенсіз. Сарыарқаны жат жұрттан қашан тазартып, Ерейменге елді қалай қондырғандарыңызды айтыңызшы, - дейді. Сонда Үмбетей жырау домбырасының құлақ күйін келтіре отырып, сұрағына жауап ретінде Жантай батырдың ерліктерін баяндайды.

Жарқабақ, кең жауырын, түлкі құсақ,  
Көзі отты, кеудесі өр, бойы сұңғақ,  
Білектей дойырын бір тастамайды,  
Дұшпанның мысын басар осымен-ақ.  
Қасқырдың қызыл жонды арланындай.

Бұл - Ниязұлы батыр Жантай, - дейді Үмбетей оған нақтылы сипаттама беріп.

Жантай бастаған қол қалмақтарды Балқаш көлінің күнбатыс жағалауына қуып жетеді. Кескілескен ауыр соғыс үш күнге созылады. Қанды қырғын соғыста Жантай батыр қаза табады. 1771 жылы болған бұл соғыс тарихта

«Шаңды жорық» деген атпен енеді. Уақтан шыққан атақты батырлар Сары мен Баян да осы соғыста қаза табады. Сөйтіп, Үмбетей жырау елі үшін жанын пид еткен Жантай батырдың атын қазақ тарихына мәңгі қалдырады. Аталмыш қиссада ол Досай, Атан, Үйсімбайларды да жырға қосады.

Атақты «Елім-ай» жырының авторы Қожаберген жыраудың жыл асында, яғни 1764 жылы (Мешін) Керей жайлауында Үмбетей жырау көлемді толғау-жыр жырлайды. Негізінде ол өз толғауларында халықты адамгершілікке, ізгілікке, пенде баласына қиянат жасамауға шақырады.

Ұл он беске келгенше,

Қолға ұстаған қобызың.

Ұл он бестен асқан соң,

Тіл алмаса доңызың, - деп бала тәрбиесіне де көңіл бөледі. Халқымыздың меймандостық салтын да жырға қосады.

Кісіні көрсен есікке,

Жүгіре шық, кешікке.

Қарсы алмасаң мейманды,

Кесір болар несіпке, - деп толғанады.

Отбасының тәрбиесіне де көбірек көңіл бөліп, қаршадай ұлыңды қасиеттілікке баулы, үлгілі ортадан қыз өпер,

өнегелі әулеттен жар таңда, - дейді салиқалы ой айтып. Жыраудың өлең-жырларын шөбересі Бопы Кенжеғараұлы, Атқыбай Байкенжеұлы, көзіміз көрген шөпшегі Имақан Атқыбайұлы, Аманжол Әлжанұлы сынды ақындар ауызба-ауыз айтып осы заманға жеткізген, қағазға түсіріп, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына тапсырған. «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында жыраудың белгілі ғалымдар Ғалымжан Мұқатов пен Әлкей Марғұлан жинастырған өлеңдері берілген.

Үмбетей жыраудың ұрпақтары Ерейментау ауданының Күншалған ауылдық әкімдігіне қарасты Шөкей ауылында тұрады. Имақан Атқыбайұлынан жазып алған шежіреге сүйенсек, Үмбетей Тілеуұлынан төрт ұл туады. Жырау Қанжығалы ішінде Жолымбет руынан. Ұлдары: Өтебек, Батырбек, Белденжапа, Боқан.

Белденжапасынан – Бұйра туады. Бұйрадан - Жүзбай, Жүзбайдан - Кәрісмағұл, Кәрісмағұлдан – Атай, Атайдан – Жеңіс, Мәлс, Қуат туады. Мәлстен-Ерсайын туады. Көп болып қолға алсақ, бітпейтін іс жоқ. Асылдарымыздың атақ-даңқын аспанға көтеріп, ардақтайық. Бұдан еліміздің де мәртебесі асқақтай түсетіні анық.

**Жеңіс БӨДЕШЕВ Үмбетей жыраудың ұрпағы. Ерейментау ауданының Құрметті азаматы**

## ДІНТАНУ

# ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ДӘСТҮРДЕН ТЫС ДІНДАРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі әлемдегі діннің орны мен рөлін дәстүрлі емес діндарлықтың барлық түрлерін ескерусіз терең түсіну мүмкін емес. Себебі, дәстүрлі емес діндарлық феномені - қазіргі рухани өмірге төн құбылыстардың бірі. Оның мәні - әдеттегі, дәстүрлі діндермен байланысты емес діни құндылықтардың таралуы арқылы жүзеге асады. Әдетте бұл үрдістің ауқымы өте кең. Дәстүрлі емес діндарлықтың сипаттамасы ғылым саласында әр түрлі жолмен белгіленуі кездейсоқ емес: «конфессиядан тыс діндарлық», «зайырлы гуманизм», «эзотерикалық мәдениет», «бүлікшіл рухани ізденістер». Бұл терминдердің бәрі дәл, нақты және жақсы емес.

Бүгінгі ақпараттық қоғам тұсында дәстүрлі дінмен біте қайнасқан этно-мәдени болмыс, ұлттық мәдениет, тіл, тұрмыс ыдырай бастап, ұлттық құндылықтар мен дін, ұлттық рең, дәстүр әлсіреп, ұрпақтар сабақтастығының үзілуіне қауіп төнді. Батыс ғалымы Ж.Бодрийяр бүгінгі еуропалықтардың діншілдігін «симуляция» деген сөзден шығарып, «симулякр», діншіл болып көріну, жалған, жасанды дәстүрлі емес діндарлық деп бағалайды.

70-ші жылдардан бастап дәстүрлі емес культтер бұрынғы КСРО аумағына ене бастады. Ең алдымен, 80 - жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында ене бастаған топ кришнаиттер мен муниттер болды. Қазақстанда бұрын-соңды болмаған әртүрлі шетелдік миссионерлер, уағыздаушылар, гурулар және рухани тәлімгерлер енгізген көптеген дәстүрлі емес культтер пайда болды және тез тарала бастады. Дәстүрлі емес діндер мен олардың ізбасарларының саны тез артты, бұл өз кезегінде дәстүрден тыс діндарлықтың дамуына себеп болды.

Соңғы жылдары ғылыми әдебиетте діндарлықты әртүрлі қырынан саралап, ғалымдар алуан түрлі пікірлер айтуда. Ең жиі айтылатын пікірлер: «барлық посткеңестік елдерде діндарлықтың қатты өсуі байқалады», «діндарлық дағдарысы», «діндарлық сипаты мен өсуі». Діндарлықты айқындау үшін дінтанушы ғалымдар әртүрлі ұғымдар қолданады: «халықтық діндарлық», «ішкі діндарлық», «құпия діндарлық», «жасанды діндарлық», «дүбәра діндарлық», «бір адамның әртүрлі дінде болушылығы», «конфессиядан тыс діндарлық», «итсизм», «агностицизм», «жаңа діндарлық». Кейбір еңбектерде дінді қабылдау, меңгеруіне қарай православтар мен мұсылмандарды әртүрлі деңгейлерде сипаттайды: «Діндарлар мен жартылай діндарлар», «жаңа бастаушы діндарлар», «шіркеу мен мешіттен тыс діншілдер», «дінде жоқтар». Бұл терминдердің астарында діни амалдар, діни дүниетаным, діни қауымдастық сияқтылар туралы пікірлер жатыр. Осыдан әдебиетте діндарлықтың әртүрлі типологиясы жасалады. Бір ғалымдар «нағыз діндар», «дәстүрлі емес діндар», «жаңа діндар», «құбылмалы діндар» десе, екіншілерінің пікірінше исламдағы «жоғары діншілдікке» жататындар – исламның парыздарын орындайтын, жұма намазын қалдырмайтын, діни мере-келерді үнемі атап өтетіндер, «орта діншілдікке» жататындар – мешітке жұма намазына анда-санда баратын, діни салт-дәстүрлерді орындай бермейтіндер, «төменгі деңгейдегі діншілдік» иелері – мешітке бармайтындар, болмаса өте сирек бара-тындар, діни салт-жоралар мен діни мерекелерге мән бермейтіндер. Басқаша айтсақ, олар мұсылмандар, бірақ, оларды дінде сенеді деп айту қиын. «Мешітке, болмаса шіркеуге бару діндарлықтың белгісі бола алмайды» дейді бірқатар ғалымдар. Оразаны әдейі диета сақтау үшін ұстайтындар, жұма намазына таныстарымен кездесу үшін баратындар, қажылыққа туристік сапар ретінде қарайтындар бар. Сырт көзге бұл діндарлықтың белгісі болғанымен, шындығында олай емес. Әрине, «Денсаулығыма байланысты ораза ұстай алмаймын», «Құранды жаттап алдым, бірақ, мазмұнын білмеймін» дейтіндер «Құранды білмеймін, білім де келмейді» дейтіндерден гөрі дінде жақын. Сол сияқты, үнемі мешітке баратын адамдарды да діндар деу асығыс пікір. Айталық, мешіті жоқ алыстағы ауылда тұратын, бес уақыт намазын қаза етпейтін, оразасын ұстайтын, қайырымдылық жасайтын, білгенше Құран аяттарын оқитын, немерелерін тәрбиелейтін ата мен әжені, ана мен әкені діндар емес деу орынсыз.

Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың және тоталитарлық секталардың көбеюі мен оның қатарына жастардың жалпы халықтың көптеп тартылуы - олардың асыра сілтеуші діндарлығы көпұлтты мемлекетіміздің ұлтаралық татулық пен тұрақтылығына қауіпті фактор. Және ұлтаралық радикализммен шиеленісті тудыратын қосымша күш болып табылады. Бүгінде Қазақстан бүкіл әлемдік діни-рухани форумның орталығы болып табылады.

Қоғамда діндарлықтың белгілі бір түрлерінің болуы, олардың субъектілерінің қоршаған әлемге әсер ету дәрежесі діндарлықтың қалыптасу факторлары деп түсінілетін өлеуметтік құбылыстардың объективті және субъективті әсерінен қалыптасатын діндарлық формаларының даму ерекшеліктері мен тенденцияларына байланысты. Нақты өлемнің жағдайларын талдау қазіргі заманғы діндарлықтың қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторларды, объективті және субъективті өмір сүру жағдайларын өзгерту үшін осы институтқа тән мүмкіндіктерге сәйкес белгілі бір қоғамдық институт қолданатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығын түсінуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде діндарлықтың қалыптасуының келесі факторлары анықталды - "сезім факторы", "билік факторы", "күш факторы", "ынталандыру факторы". Барлық осы факторлар "адам - топ — қоғам" қатынастар жүйесіне әсер етеді.

Уақыт өте тәжірибемен сыналған және қоршаған ортаның деструктивті әсерін жеңудің дәстүрлерімен тазартылған ең тиімді әдістердің бірі-адамның рухани құндылықтарға жүгінуі, оларды тек санасында ғана емес, сонымен бірге өмірлік қызметінде де дағдыландыруы. Себебі, адамның рухани өмірін жандандыруға көбінесе діни сенімге жүгіну арқылы қол жеткізіледі, ол адам үшін ең жұмсақ, жанға қонымды, формасы мен мазмұны бойынша үйлестірілген, белгілі бір өлеуметтік қауымдастықтың қызметіне ену тәсілі арқылы көрінеді.

**Абзал САРДЕНОВ, Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ Ақпараттық-насихат бөлімінің Целиноград ауданы бойынша теолог маманы**

## ЖАБАРЛАНДЫРУ

**Құрметті Ерейментау ауданының тұрғындары мен қонақтары! Сіздерді Қанжығалы Бөгенбай батырдың дұшпаннан азат етілген Ерейментау жеріне қалың елді бастап келіп, қоныстандырғанына 285 жыл толуына, Үмбетей жырау Тілеуұлының туғанына 325 жыл толуына, Ереймен елінен шыққан Мәмбеттің бес қасқасы атанған Досай, Ақпан, Бура, Тайлақ батырларға Ерейментау қаласындағы «Батырлар аллеясында» ескерткіш – бюстердің орнатылып, ашылуына және Ереймен жерінде 1916 жылы болған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы батыр бабаларымыздың рухына арналған ескерткіштің салтанатты ашылуына байланысты өткізілетін «Бабалар қаны тамған тау, қалың ел келіп қонған тау - Ерейментау» атты «Аудан күніне» арналған іс-шараларға шақырамыз.**

### 2022 жыл 24 маусым

11-00 сағ. Үмбетей жырау атындағы Ерейментау аудандық Мәдениет үйінде Үмбетей Тілеуұлының 325 жылдығына және ұлт -азаттық қозғалысының көсемі Кенесары Қасымұлының 220 жылдығына арналып өтетін облыстық «Тәуелсіздік жырлары» атты жыршы - термешілер байқауының қорытынды концертін тамашалау

15-00 сағ. Ереймен елінен шыққан Досай, Ақпан, Бура, Тайлақ батырларға Ерейментау қаласындағы «Батырлар аллеясында» ескерткіш - бюстердің салтанатты ашылуы. Батырлар рухына дұға бағыштау.

16-30 сағ. Ереймен жерінде 1916 жылы болған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы батыр бабалардың рухына арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы. Батырлар рухына дұға бағыштау.

### 2022 жыл 25 маусым

10-00 сағ. Малтабар ауылы маңындағы ипподромда өтетін «Аудан күнінің» салтанатты ашылуы. Елдің рухани-қоғамдық жұмыстарына белсене араласып жүрген еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтарды «Қанжығалы Бөгенбай батыр» және «Үмбетей жырау Тілеуұлы» медальдарыменмен марапаттау.

11-00 сағ. «Батырлар рухына тағзым» Ереймен елі өнерпаздарының концерті.

11-00 - 14-00 сағ. дейін:

- «Қымызмұрындық», Ереймен еліндегі ең дәмді қымыз көрмесі

- «Білекті, жүректілер елі - Ереймен», Ұлттық спорт түрлері бөйге, көкпар ойындары.

- «Өнер өріндегі Ереймен елі» атты суретшілер мен қолөнер шеберлерінің көрмесі

*Ұйымдастыру комитеті*



**Балалар  
жылы  
2022**

# Жазғы лагерь – жайдары шақ

**‘Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы каникул – жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең.**



Мектеп жанындағы лагерь оқушыларының жазғы демалысында денсаулығын нығайтып, дене тәрбиесін шыңдап, күш жинауға, білімін толықтырып жаңа әсер алуына ықпал жасайды. Белсенді түрде демалудың бұл түрі уақытша балалар ұжымының дамып, қалыптасуына әсер етеді, олар алған тәжірибесін кез келген ұжымда қолдана отырып, соңында оқу іс-әрекетінде де қарым-қатынас жасай алады. Еркін пікір алмасуға үлкен мүмкіндік алады. Еркін, қалыпты жағдай балалардың өз еркімен әрекет жасау қабілетін дамытуға жол ашады, белсенділігін арттырып, жеке тұлғалық қасиетін тәрбиелеуге, түрлі дағды және білім алуын қалыптастырады.


Осы мақсатта «Бөгенбай батыр атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мектеп жанындағы жазғы лагерь 30 мамыр күнінен өз жұмысын бастады. Лагерь екі ауысымнан тұрады, Бірінші ауысым - 30 мамыр мен 9 маусым аралығында, ал екінші ауысым - 13 маусым мен 24 маусым аралығында ұйымдастырылмақ.

Жазғы лагерьде «Айгөлек» және «Балдырған» бастауыш сыныптар тобы, «Адам және табиғат» экологиялық бағыт тобы, «Шаңырақ» мектептің белсенді оқушылар тобы, «English summer camp» лингвистикалық бағыттағы топ және «Қызықты математика» математикалық бағыттағы топтар жұмыс жасайды.

Әрбір топ оқушылардың демалыс кезіндегі уақыттарын тиімді пайдалана отырып, түрлі ойындар мен қызықты конкурстар арқылы өз бағыттары бойынша қосымша жұмыс жасап білімдерін кеңейтіп, шығармашылыққа баулуды мақсат етеді. Лагерь барысында балалар квест ойындарын ойнап, Ерейментаудың көрнекті жерлеріне саяхат жасап, кітапхана, мұражай сынды қызықты әлемдерге сапар шегіп, таза ауада демалыс ұйымдастырып, табиғат аясына шығып, түрлі ойындар ойнап уақыттарын көңілді, пайдалы және әсерлі өткізуде.

Балалар саны күн сайын көбейіп, келуші оқушылардың лагерьге деген қызығушылықтары артып келеді.

Өз тілшіміз



ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

## ӨЗГЕРДІ АУЫЛ АТЫ МАЙЛАН БОЛЫП

Алған соң Тәуелсіздік Қазақ елі,  
Бұрынғы көп атаулар өзгереді.  
Шешімді жоғарыдан бермесе де,  
Ауылға ат қоюды жұрт шешеді.

Көк Туы Тәуелсіздік желбіреген,  
Ертеде мұндай ғажап сезілмеген.  
Кеңесіп қауым халық, ақылдасып,  
Ауылға Майлан таудың атын берген.

Бұл тауды Майлан дейді - қыздың аты,  
Жазылмай махаббаттың жарақаты.  
Қос ғашық - Майлан, Қара қапы кеткен,  
Осылай жұрт аузында қалған хаты.

Тағдырға тура келген дауа бар ма,  
Қос төбе орналасқан жеке дара.  
Аңыз ба, ақиқат па естігенім,  
Қос ғашық қаза болған осы арада.

Майланы - байдың қызы, Қара - кедей,  
Қараны Майлан сүйген, жарлы демей.  
Балуан, әнші-күйші, жылқышы бұл,  
Шешімді өзі табар басқаға ермей.

Сол Қара – қайыспаған жарлымын деп,  
Құлмын деп еңкеймеген жаны жүдеп.  
Әлдекім ақыл айтса сөзін тыңдап,  
Басқаның жүретұғын мінін түзеп.

Жүрегі әмір берген «алып қаш» деп,  
«Алдыңда асқаралы таудан ас» деп.  
Аржағы бітеу тоғай - саған пана,  
Ешқашан таба қоймас сендерді іздеп.

Мойымай қиындыққа қарсы тұрар,  
Мұндайлар әр ғасырда сирек туар.  
Ешқашан жарлымын деп мойымаған,  
Қараға Майлан сұлу болды құмар.

Қыз аты Майлан деген - қауым айтқан,  
Хабары болса керек болған жайттан.  
Отына махаббаттың күйген жандар,  
Сол тауда ажалынан бұрын қайтқан.

Кедейлер ауыз ашпай «артын» қысқан,  
Байлары алтын жұтып, аспанға ұшқан.  
Майлан қыз сүйгенімен қашып кетіп,  
Екеуі екі тауда ажал құшқан.

Арала тау мен тасын, қыр жотасын,  
Естисің алуан түрлі сыр нотасын.  
Ар-намыс, алысқан қол сылтау болып,  
Өмірмен қоштастырған жан ботасын.

Түсінбей жас жүректің махаббатын,  
Оларда дәрмен болмай қорғанатын.  
Арманда қапы кеткен жас арудың,  
Ауылға берген екен Майлан атын.

Ауданнан келген өкіл бірге болып,  
Халыққа, үлкен залдың іші толып.  
Әртүрлі пікірлерді дауысқа сап,  
Өзгерді Новомарковка - Майлан болып.

Елімнің жаңа дәуір белесінде,  
Істелер талай жұмыс келесіде.  
Майлан тау махаббаттың бесігі боп,  
Мәңгілік қалар мүмкін ел есінде

Әдебиет БАЙДОЛДАҰЛЫ, Майлан ауылы

# Сәбит Мұқановтың Аманаты

## Ерейментау елінің ерлігіне көрсетілген зор құрмет

1916 жылғы сергелдең Қанжығалы баласы үшін ұмытылмас тарихи оқиға болып қалды.

Бұл жайында сол тұста Ерейменге санақ жұмысымен келген Сәкен Сейфуллин де өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында баса айтқанын білеміз.

«... Бірте-бірте сатылап, алғашқыда айтқан Қанжығалының Ащылыкөл басындағы бірінші болысының ауылына келдік. Әбден еліріп атқа мініп алған ел. Гу-гу сөз. Топ-топ жиналыс. Жұрттың сөзі: «солдатқа қазақты алу» әңгімесі, қазақтың оған «бармауға тиісті» екендігі. Көңілдеріне қиғаш сөз айтқанды дұшпан деп біледі. Жұрт әбден көтерілген».

Тарихи кезеңде Сілеті, Қоржынкөл, Ереймен болыстарының азаматтары Есіркеп Тоқан Хазіреттің ақ батасымен бес қаруы сай ақпашаның жазалаушы әскерінен қаймықпай, ашық аланда бетпе-бет кездесуге бел буады. Ереймендегі ұзаққа созылған, төрт айдан асқан теңсіз шайқаста талай боздақтар оққа ұшты. Жеті рудың төбе биі Нияз Зілқараның да айтқан сөзі жас азаматтарды жігерлендіріп, шешуші айқаста ерлік жасауларына жол ашты. Сол тұста Ереймен жұрты Атан батырдың ұрпағы Сәтбай қажыны хан сайлап, Нияз Бала Сыздық Бейсенұлын бас қолбасшы, ал Молдажан мен Жанайдарды әскербасылары қылып сайлайды. Дегенмен, Молдажан батырдың білімділігі, әскери айлакерлігі және шеберлігі көптің аузында қалды. Оны кейіндері қызыл жүйенің жөндеттері де көп аңдыды. Аңдаусызда қоршамақ болғанда ол талайдың сазайын беріп, берік қамалдарын бұзып кетіп отырды. Құдаланғаны сонша, Алтай жаққа да жасырын өтіп, сол жақта біраз тұрақтапты. Ел дүрліккен тұста белгілі зергерлер мен ұсталар, олардың ішінде Көдек, Рақым, Өбүтөлі пен Бахрам тағы басқалары найза, қылыш, айбалта мен қанжар соғуды қолға алған екен.

Осындай қызу дайындық жүріп жатқанда Арқаға белгілі діндар Тоқан Хазірет аяқастынан дүние салады. Марқұмның бұл жанкешті оқиғаны алдын-ала сезгені болар, жүрегі тоқтап қалды дейтін біздің үйдің үлкендері.

Ақмола мен Павлодардан келген жөндеттер Алтынтаудың сыртына келіп бекінеді.

Бір жағынан атты әскер Қараағаштың маңайына топтасады. Алғашқы шайқас басталғанда Бала Сыздық, Жанмолда бастаған атты сарбаздар лап қойып жазалаушы отрядтың зәрі-құтын қашырады. Қоян-қолтық айқас ұзаққа созылмаған. Себебі, арбаларға орнатылған пулеттер оқты қарша боратып, біраз адамдарды опат қылады.

Молдажан мен Жанайдар батырлардың ерлігінің арқасында жаудың бірсыпыра атыс қарулары қолға түскен.



Суретте: Сәбит Мұқанов

Ескі шиті мылтықтар винтовкалармен ауыстырылып еркінсіп келген солдаттардың біразын сұлатып салады. Бұл шайқас Ереймен жұртына оңай болмады. Жуанадыр, Құсмұрын, Ақсонар тұсында жалаңтөс жауынгерлер мұздай қаруланған патшаның жазалаушы жөндеттерімен бетпе-бет кездесіп, қиянқескі айқасқа түседі.

Бұл оқиғаларды әкеміз Мәрия аузынан тастамай айтып отыратын. Ұрыс даласында талай адамдар, оның ішінде Қанжығалының Қармысынан тарайтын Малай батыр ұрпақтарының біразы шейіт болды. Қарша бораған пулемет оғынан Ерейменге белгілі өнерпаздар, ағайынды: Қайрат, Ордабай, Баян Әсіповтердің атасы Әсіп, бізге аталас боп келетін Қабыл, Молдияр, Асан деген кісілер ажал оғынан құтыла алмады.

Қаруы әлсіз елдің осынша қарсылық көрсетуінен

ұмытылмастай есімде қалды.

Ерейменнің бір тауы Кеңасу арқылы жүрген ақ гвардияшылар жолдағы орман-тоғайларды, тал-шіліктерді өртеп отырған. Олар мұсылмандықты пір тұтқан елдің көптеген ағаштан қиылған мешіттерін түп-тамырымен жойған.

Осы қанды қырғынның қара күзінде дүниеге шыр етіп менің әкем Сәлкен Әуеліұлы келеді. Әкеміз Мәрия Әділқызы бүгінгі Бозтал ауылының жанындағы Жаманқара аталатын жерде (зират ішінде) босанады. Қара суықта мұз басқан сайын далада ұлы анамыз босанып жатқанда, арба үстінде әкеміз екі ағасы мен апасы Жақай отырған. Сол қара суықта әкем туса, екі ағасы көп ұзамай дүние салады. Аумалы-төкпелі заманның бір ұмытылмас өкініші осы.

Қазақтың: «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген сөзі шындыққа жанасады. Зұлматы мен мехнаты көп кезіккен өмірден әкем Сәлкен мойынған жоқ. Ол Отаны, ата-анасы, ағайын-туыстары алдындағы борышын толығымен өтеді. Әкесі 98-ге, ал шешесі 90-ға тақау өмір сүрді. Екеуін де шешем Құснимен бірге арулап өз қолдарынан қойды. Осы орайда бір ұмытылмас оқиғаны айта кетудің реті келіп тұр.

Алпысыншы жылдардың ішінде дүние салған атамның жаназасына Алматыдан Қазақстанның сол кездегі бас дінбасшысы, заманында оның қанды көйлек жолдасы әрі жақын дос-жараны болған Сәкен Халфе келе қалды. Сүйекке түскен діндар адам сыртқа шыққасын: «Осы үйдің келіні кім?» - дегенде, сасқалақтап қалған ағайындар қазан-ошақтың басында жүрген анам Құснимен жылдам алдына әкеледі. Атақты қари Сәкен халфе қолын жайғызып, елдің алдында қарияны жақсы күткені үшін анамызға ақ батасын бергенін біздің етжақындар жақсы біледі.

Сәкен халфе Ерейменде туса да, өмірінің біраз бөлігін Омбы, Ақмола мен Алматыда өткізді. Қанжығалы елін ол өзінің туғанындай көріп, 1916 жылғы көтеріліске де қатысты. Ғалым атаның мұрағатын оқысаңыз, Ерейменге деген сағынышын, сыйластыққа толы сезімін сезесіз.

Олжабай Нұралыұлы да оны ерекше өзіне бауыр тартса, балаң Сәкен де Ереймен елінің жұртына еле-өлгенше ықыласын көрсетіп өтті.

Ашаршылық жылдары әкем Сәлкен Әуеліұлы Ерейменде жаңадан құрылған қой совхозында ата-анасымен бірге шопан болған. «Исаев» атындағы фермада жұмыс істеген балаң жігіт маңайындағыларға, сондай-ақ туған-туыстарына қамқорлықты молынан жасапты. Жалаң аяқ жүріп қоздаған саулықтарды жалпақ тастардың үстіне сауып, соны күннің көзінде жатып ұйыған кезінде, түнде жасырын барып жинап, арып-ашыққандарға таратып отырған.

Алпысыншы жылдар ішінде Ақмолаға арнайы творчестволық ізгі ниетпен сапар жасаған қазақтың заңғар жазушысы Сәбит Мұқанов та, барлық ұсынылған аудандардан бас тартып, Ерейменге арнайы келгенін біздің елдің сол кезеңдегі жақсы мен жайсаңдары терең сезініп еді.

Әңгімелескен адамдардың ішінде болған әкем Сәлкен бас қонақтың бар ынта-жігері қарт сардар Бөгенбай батырдың ерлік жолдары, сосын Ереймендегі аты-шулы 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс туралы мәліметтерге ауғанын айтып келгені өлі есімде.

**Сонда халқымыздың ардақтысы Сәбит Мұқанов өзінің ұлы бабасы Қожаберген жыраудың Бөгенбай батырға көрсеткен сенімі мен берген батасын Мәшһүр Жүсіптің «Даналарға» деген өлеңі арқылы жатқа айтып беріпті.**

**Ағам Әлім Түгелбаев өзінің «Естеліктер» атты кітабында Сәбит Мұқановтың айтқан сөздерін жақсы жеткізе білген. Ұлы жазушының бір қазыналарыңды құрметтеңдер, сақтаңдар, ұрпаққа шырқын бұзбай жеткізудің қамын ойлаңдар. Күрделі оқиға болған жерлерге Белгі тас қойыңдар деп ақыл-кеңес беріп аттанды» - деп жазған екен.**

Ағамыз академик Сәбит Мұқановтың тілегін орындау мақсатында талай кеңсенің есігін ашып, ұсынысын жасады. Бірақ, қазақтың тарихын елегісі келмегендер: «Бұл біздің ісімізге, халықтар достығына сызат түсіреді» деген желеумен ол ұсыныстан бойларын ала қашты.

Егеменді елдің тарихын әділ бағалаған бүгінгі қоғам Ерейменде болған 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісіне өзінің оң бағасын беріп жатқаны – көпшілікті қуанытып отыр. Ұзағынан болсын дейміз. Ерлік – өскелең ұрпақ үшін мәңгілік өнеге!

**Жанат ТҮГЕЛБАЕВ, Қазақстанның Құрметті журналисі. Нұр-Сұлтан қаласы**

## ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ

### Ерейментау-Ақпарат

қоғамдық-саяси газеті. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген, 11.12.2019. Күәлік № KZ60VPY00018252

Редакцияның мекен-жайы: Үмбетейжырау көшесі, 4. Меншік иесі ЖК «ЕММС-2020» Газет ТОО «Медиа-холдинг «ERNUR» Нұр-Сұлтан қ., Сілеті к-сі, 30 үй баспаханасында басылған.

Аптасына бір мәрте шығады. Таралымы – 1000 дана. Индекс: 66017 Басылу шарттары лист 4 п.л. Тапсырыс № 831

Бас редакторы: Сайлау БАЙБОСЫН Тел: 8771 275 1930 Электронды почта: ereyemen.akparat@mail.ru